

2013 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 22 қаңтардағы № 9 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 қаңтарда № 3998 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімі аппараты басшысының 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 2463-8-08 хаты)

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімі аппараты басшысының 28.12.2013 № 2463-8-08 хаты).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі бекітілсін.

2. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік салық, қосылған құн салығы, еңбекке ақы төлеу және жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемдері, қоғамдық жұмыстардың қатысушыларына тиесілі жалақы есептеу және төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметтеріне комиссиялық сыйақы төлеуге арналған шығындар Лисаков қаласы бюджетінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің орынбасары

А. А.

Т а ш п а н о в қ а

ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

В. Радченко

Ә к і м д і к т і ң

2013 жылғы 22 қаңтардағы

№ 9 қаулысымен

бекітілген

Ә к і м д і к т і ң

2013 жылғы 21 мамырдағы

№ 161 қаулысына

қосымша

Ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 21.05.2013 № 161 қаулысымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ұйым-ның атауы	Жұмыстың түрлері	Жұмыстардың көлемі сағатпен	Жұмыстардың нақты жағдайлары	Еңбегіне төленетін ақының мөлшері	Қаржыландыру көзі
"Уста плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қызметкердің алдынала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Лисаков қаласының, Октябрь кентінің, Красногор селосының аумақтарын санитарлық тазалауға, көгалдандыруға және абат-	72624	Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленуге, күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ішінде тынығуға және тамақтануға арналған ұзақтығы жарты сағаттан кем болмайтын бір үзіліс берілуге тиіс. Ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға Қазақстан	Айына жалақының 2 ең төменгі мөлшері	Лисаков қаласы-

тандыруға қатысу	Республикасы-ның зейнетақы мен қамсыздандыру сақтандыру заңнамалық қолданылады.	еңбек, және туралы актілері	н ы н бюджеті
------------------	---	-----------------------------	---------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК